



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

20.02.2026 жыл

№ 9, 1-т.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағындағы кәсіподақ мүшелігі мен кәсіподақ органдары туралы 2025 жылға жинақталған статистикалық есептің қорытындылары туралы.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіптік одағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағындағы кәсіподақ мүшелігі мен кәсіподақ органдары туралы жинақталған статистикалық есептің қорытындылары туралы ақпарат назарға алынсын.

2. 2025 жылғы кәсіподақтағы мүшелік бойынша негізгі көрсеткіштердің оң динамикасы атап өтілісін:

- кәсіподақ мүшелерінің жалпы саны 601 648 адамды құрайды (7 227 адамға немесе 2024 жылмен салыстырғанда 1,2% өсім бар);

- жұмыс істейтін кәсіподақ мүшелерінің саны 8 983 адамға артып, жалпы саны 590 740 адам;

- кәсіподақ ұйымы бар кәсіпорын мен ұйымдар саны - 8 738 (91 ұйымға өсті);

- бастауыш кәсіподақ ұйымдарының саны 111-ге артып, 8 716 ұйымды құрайды;

- кәсіподақтық оқытудан 115 420 адам өтті (37 702 адамға өсті немесе 48,6% құрайды).

3. Кәсіподақтың мүшелік ұйымдарының басшылық органдарына:

3.1. 2025 жылға арналған статистикалық есептіліктің қорытындыларын басшылық органдардың отырыстарында қарап, кәсіподақтың мүшелік

базасын нығайту және кәсіподақ мүшелігін ынталандыру бағытындағы жұмыста анықталған кемшіліктерді жою жөнінде нақты шаралар қабылдау.

3.2. Ғылыми ұйымдардың, оқу орындарының және оқу-ағарту саласының жеке секторындағы еңбек ұжымдарында кәсіподақтың ықпалын күшейту.

3.3. 35 жасқа дейінгі жастар санының азаюы анықталған мүшелік ұйымдарда жаңа кәсіподақ мүшелерін тарту бойынша жұмысты жандандыру.

3.4. Өсу динамикасы жоқ өңірлерде кәсіподақ мүшелерінің кету себептерін анықтау және жою мақсатында бастауыш кәсіподақ ұйымдарының кәсіподақ активімен кездесулер ұйымдастыру.

3.5. Цифрлық және медиялық ресурстарды пайдалана отырып, ақпараттық-түсіндіру жұмысын күшейту, қызметкерлердің құқықтарын қорғау нәтижелерін және кәсіподақ мүшелігінің артықшылықтарын көрнекі түрде көрсету.

3.6. Бастауыш кәсіподақ ұйымы төрағалары мен тексеру комиссияларының мүшелерін кәсіподақтық оқытуды 2025 жылғы деңгейден төмен емес көлемде өткізуді қамтамасыз ету.

3.7. Статистикалық есептілікті жасау кезінде кәсіподақ қызметкерлерінің жауапкершілігін қалыптастыру бойынша шаралар қабылдап, шынайы және толық мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз ету.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ төрағасының орынбасары В.Ф.Беженаровқа жүктелсін.

Төраға



А. Мұқашева